



БАНКТЕН ҚАРЫЗ АЛҒАН АДАМ ҚАЙТЫС
БОЛСА, НЕСИЕНІ КІМ ТӨЛЕЙДІ?

2



ҚЫЗДАРЫМА АМАНАТ НЕМЕСЕ
БАҚЫТ ЖАРТЫ БОЛМАЙДЫ

6

№26 (766). 10 шілде, 2026 жыл

Өзгені сынағанша, өзінді түзет!

ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



EURONEWS ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ХАБАР ТАРАТА БАСТАЙДЫ

Euronews медиажелісі қазақ тілінде хабар таратуды бастайды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев телеарна басшылығымен кездесіп, бұл қадамды Қазақстан мен халықаралық медианың өзара ынтымақтастығын нығайтатын маңызды бастама деп мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Euronews директорлар кеңесінің төрағасы Педро Варгас Давидті қабылдады. Кездесу барысында әлемдегі жетекші ақпараттық телеарналардың бірімен ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды.

Президент 2024 жылы Астанада өңірлік кеңсесі ашылғаннан бері телеарна Қазақстан мен Орталық Азиядағы саяси, экономикалық және мәдени жаңалықтарды белсенді түрде жариялай бастағанын айтты. Сондай-ақ президент Euronews телеарнасының қазақ тілінде хабар тарата бастауын құптап, бұл өзара тиімді ынтымақтастықтың айқын көрінісі екенін жеткізді. Өз кезегінде Педро Варгас Давид қазақ тілі Euronews медиажелісінде Орталық Азия халықтарының арасынан эфирге шығатын алғашқы тіл болатынын мәлімдеді.

Сонымен қатар ол қазақстандықтарды жаңа Конституцияның қабылдануымен құттықтап, Ата заңда бекітілген қағидаттар мен құндылықтар ел басшылығының қуатты әрі прогрессивті мемлекет құруға деген ұстанымын көрсететінін атап өтті. Кездесу барысында тараптар Президенттің жуырдағы Брюссельге жасаған ресми сапарының қорытындылары туралы да пікір алмасты.

Еске салайық, бұған дейін қазақстандық жастар әзірлеген Aleem қосымшасы іске қосылған алғашқы тәулікте-ақ Duolingo-ны басып озып, Қазақстанның App Store дүкеніндегі жалпы рейтингте бірінші орынға шыққан болатын. Алайда қолданушылар қосымшада қазақ тілінің жоқтығын сынға алған еді. Енді әзірлеушілер ұсынысты ескеріп, Aleem қосымшасына қазақ тілін қосты.



ШЕКАРАШЫНЫҢ ШЕПТЕГІ ҚЫЗМЕТІ САҒАТ ТІЛІМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ

Мемлекеттің тәуелсіздігі мен ел ішіндегі тұрақтылықты сақтауда Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің атқаратын рөлі орасан зор. Елге төнуі мүмкін кез келген ішкі және сыртқы қауіп-қатердің алдын ала отырып, ҰҚК мемлекеттің негізгі қорғаныс қалқанын құрайды. Ал осы үлкен қауіпсіздік жүйесінің ең алғашқы шебі, ел тыныштығының тікелей кепілі – Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қарасты Шекара қызметі екені даусыз.

Олай болса, ел іргесінің бүтіндігі мен мемлекет қауіпсіздігі, ең алдымен, шекараның беріктігімен айқындалады. Атамекен шебінің әрдайым тыныш болып, ел іргесінің мызғымай сақталуы – тәулік бойы кірпік қақпай күзетте тұратын әскери қызметшілердің қажырлы еңбегі мен қалтқысыз қырағылығының нәтижесі. Бұл мамандық сырт көзге тек қатаң тәртіп пен мүлтіксіз бақылауды ғана талап ететіндей көрінуі мүмкін. Алайда, әскери киімнің астарында туған жерге деген шексіз адалдық, жоғары жауапкершілік пен бұқара амандығын бәрінен биік қоятын берік рух бар.

Дәл осындай отаншыл қасиетті борышына балап, бүгінде еліміздің оңтүстік шебінің қауіпсіздігін нық қорғап тұрған ұлтжанды әскери қызметшілер-

дің қатарында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Сарыағаш» шекара бөлімшесінің аға сержанты Арман Төлепбергенұлы Алияйдаровты мақтанышпен атап өтуге болады. Ол республикамыздың оңтүстік шекарасын қорғап, сыртқы қатерлердің алдын алу бағытында бар күш-жігерін жұмсап келеді. Осы орайда, кейіпкеріміз Арман Төлепбергенұлымен оның әскери соқпақты таңдау себептері, шеп күзетінің беймәлім сырлары, сондай-ақ отбасылық тәрбие мен шынайы отансүйгіштік сезімнің мәні төңірегінде ғибратты ой бөліскен едік.

(Жалғасы 4-бетте).



«ҚЫЗМЕТ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



ТОПЫРАҚТЫ ӨЛІМ НЕГЕ ТОРҚАЛЫ
ТОЙҒА АЙНАЛЫП КЕТТІ?

6



ЕГЕР АЯҒЫМ СЫНБАҒАНДА
БӘРІ БАСҚАША БОЛАР МА ЕДІ?!

7

МЕМЛЕКЕТТІК ТУДЫ ҮЙІҢІЗГЕ КІРГІЗЕСІЗ БЕ?

Үкімет мемлекеттік туды пайдалану ережелеріне түзетулер енгізді. Тиісті қаулы Қазақстанның нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінің сайтында жарияланды.



Құжатқа сәйкес, патриоттық сезімін, қазақстандық бірегейлікті, елдің, оның азаматтарының жетістіктерін қолдау мақсатында мемлекеттік туды жеке және заңды тұлғалардың ғимараттарда (тұрғынжайларда және тұрғын емес үй-жайларда), оның ішінде балкондарда (45 градус бұрышпен) және салтанатты іс-шаралар өткізілетін жерлерде пайдалануына (орнатуына, орналастыруына) болады.

Көлеміне қарамастан, мемле-

кеттік ту ұлттық стандартқа сәйкес келуге тиіс. Жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын ұлттық стандарт талаптарын бұза отырып пайдалануына жол берілмейді. Туды жеке және заңды тұлғалардың

қорлау нысаны ретінде пайдалануына болмайды.

Сонымен қатар мемлекеттік туды қасақана бүлдіруге, жоюға, өртеуге, жыртуға, жерге тастауға, мақсатына сай емес пайдалануға, сондай-ақ оның мемлекеттік рәміз ретіндегі қадір-қасиеті мен маңызын төмендететін өзге де әрекет жасауға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын жарнамалық мақсаттарда, сондай-ақ киім-кешек

заттары, төсек-орын жабдықтары, перде, дастарқан, кілемше және өзге де жабын ретінде пайдалануға болмайды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын пайдалануға (орнатуға, орналастыруға) мынадай шарттармен жол беріледі:

– жеке тұрғын үйлерде үш метрден кем болмайтын биіктікте орналастыру, бұл ретте тәуліктің қараңғы уақытында жарықтандыру міндетті емес.

– ғимараттың сәулеттік немесе техникалық шектеулеріне байланысты жеке және заңды тұлғалардың оны іргелес аумақта орналасқан жеке тұғырға (флаштокка) орнатуына (орналастыруына) болады;

– жерге, еденге, су бетіне және өзге де беттерге тиіп тұрмауы керек;

– тігінен орналастыру, бұл ретте ұлттық ою-өрнек матаның жоғарғы бөлігінде тұруға тиіс;

– жеке және заңды тұлғалар өткізетін мәдени, спорттық, қоғамдық және өзге де іс-шаралар барысында коммерциялық мақсатты көздемеу;

– зақымдану, тозу, жамау, тесілу, кірлеу, түсінің онып кетуі, қыртытану белгілерінің не оның асқақтығы мен символдық мәнін түсіретін өзге де кемшіліктің болмауы;

– жеке және заңды тұлғаларға тиесілі көлік құралдары салондарының ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып пайдалану.



БАНКТЕН ҚАРЫЗ АЛҒАН АДАМ ҚАЙТЫС БОЛСА, НЕСИЕНІ КІМ ТӨЛЕЙДІ?

Жақынынан айырылған отбасы үшін қайғының үстіне қаржылық мәселелер де туындауы мүмкін. Әсіресе марқұмның банктен алған несиесі болса, «Қарызды кім өтейді?», «Мұрагерлер жауап бере ме?», «Сақтандыру көмектесе ме?» деген сұрақтар жиі қойылады. El.kz осы сұрақтарға жауап іздеп көрді.

Қазақстан заңнамасына сәйкес, несие қарыз алушының қайтыс болуымен автоматты түрде жойылмайды. Алайда мұрагерлердің жауапкершілігі шексіз емес. Қазақстан заңнамасына сәйкес, мұра құрамына марқұмның мүлкі ғана емес, оның мүліктік міндеттемелері де кіреді. Сондықтан қарыз алушы қайтыс болған жағдайда оның несиесі де мұрагерлерге өтеді. Бірақ бұл барлық жағдайда мұрагерлер қарызды өз қалтасынан толық өтеуге міндетті дегенді білдірмейді.

Егер несие рәсімделген кезде қарыз алушы өмірін сақтандырған болса, көп жағдайда несиені сақтандыру компаниясы өтейді. Әдетте сақтандыру компаниясы негізгі қарызды, есептелген сыйақыны (пайызды) және банкке немесе мұрагерлердің пайда-сына төлейді. Алайда мұның бәрі сақтандыру шартының талаптарына байланысты. Көптеген сақтандыру шарттарында төлем жасалмайтын жағдайлар көрсетіледі.

Мұрагерлер қанша сомаға дейін жауап береді?

Қазақстан заңнамасына сәйкес, мұрагерлер қарыз үшін тек өздеріне өткен мұраның құны шегінде ғана жауап береді. Мысалы, марқұмның банк алдындағы берешегі – 5 миллион теңге. Ал мұрагердің үлесіне құны 800 мың теңге болатын автокөлік тиді делік. Мұндай жағдайда банк мұрагерден ең көбі 800 мың теңге көлемінде ғана талап ете алады.

Өлімнен кейін пайыз бен өсімпұл есептеле ме?

Көпшілік осы мәселені шатастырады. Заң бойынша қарыз алушы қайтыс болған күннен бастап банк өсімпұл мен айыппұл есептеуді тоқтатуға міндетті. Ал негізгі несие бойынша сыйақы (пайыз) есептеле береді. Себебі қарыз шарты адамның қайтыс болуына байланысты автоматты түрде күшін жоймайды.

Қарыз мұрадан көп болса не болады?

Егер мұра құрамындағы қарыз оның құнынан әлдеқайда жоғары болса, мұрагерлердің заң бойынша мұрадан толық бас тартуға құқығы бар. Мұны мұра ашылған күннен бастап 6 ай ішінде жасау қажет. Мұнда маңызды бір талап бар: мұрадан ішінара бас тартуға болмайды. Яғни үйді алып, несиеден бас тарту мүмкін емес. Мұра толық қабылданады немесе толық қабылданбайды.

Қарыз алушының қайтыс болуы несие міндеттемесін автоматты түрде тоқтатпайды. Дегенмен заң мұрагерлердің құқықтарын да қорғайды.

ЖИ ГЕРМАНИЯДАҒЫ ЕСКІ КІТАПТАРДЫ ЖАППАЙ САТЫП АЛА БАСТАДЫ

Германияда антикварлық кітап дүкендерінің иелері ескі кітаптарға деген сұраныстың күрт артқанын байқады. Deutsche Welle хабарлағандай, оларды жасанды интеллект әзірлеумен айналысатын компаниялар жаппай сатып алуда, деп хабарлайды BAQ.KZ.

Кітаптарды нейрожелілер мен чат-боттарды үйрету кезінде пайдалану үшін электронды форматқа көшіру мақсатында сатып алады. Әзірлеушілерді көбіне тарих, лингвистика, экономика және құқық бойынша ғылыми және мамандандырылған кітаптар қызықтырады. Бұл кітаптарда интернетте некен-саяк кездесетін сирек сөздер, ескі тілдік формалар және басқа да ақпараттар бар.

Сатушылардың айтуынша, кейбір тапсырыстардың ауқымдылығы сонша - олар тіпті бір жылдық табыспен теңеседі. Айта кету керек, сонымен қоса жылдар бойы сұраныссыз жатқан кітаптар да сатып алынуда.

Сарапшылардың пікірінше, ЖИ әзірлеушілері қолжетімді цифрлық мәтіндердің үлкен бөлігін пайдаланып қойған. Енді оларға әлі электронды форматқа көшірілмеген қағаз кітаптар қажет.

Бұған дейін The Washington Post газеті америкалық Anthropic компаниясы сканерлеу үшін миллиондаған баспа кітаптарын сатып алғанын хабарлаған болатын. Проектті тездету үшін кейбір даналардың мұқабаларын кесіп тастаған. Соның салдарынан кітаптар электронды форматқа көшірілгеннен кейін іс жүзінде жойылып кеткен.

Неміс кітап саудагерлері бұл жаппай сатып алу құнды қағаз басылымдардың жоғалуына әкеп соғады деп қауіптенеді. Олар билікті бұл жағдайға назар аударуға шақыруда. Өйткені мәселе тек авторлық құқықтарда ғана емес, сонымен бірге мәдени мұраны сақтауда болып отыр.

Сарапшылардың айтуынша, әзірлеушілер үшін әсіресе, 1970-ші жылдардан бастап жарық көрген кітаптар үлкен құндылыққа ие. Олардың көбі әлі күнге дейін авторлық құқықпен қорғалған және толыққанды электронды көшірмелері жоқ.

ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫН УАҚЫТЫНДА БЕРМЕГЕН ЖҰМЫС БЕРУШІГЕ АЙЫППҰЛ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН

Қазақстанда қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын екі жыл қатарынан бермеуге заңмен тыйым салынған. Дегенмен тәжірибеде қызметкердің өзі демалысқа шыққысы келмейтін немесе жұмыс беруші өндірістік қажеттілікке байланысты оны жібере алмайтын жағдайлар кездеседі. Мұндай жағдайда жұмыс беруші қандай тәуекелге барады?

Еңбек кодексінің 94-бабының 3-тармағына сәйкес, қызметкерге пайдаланылмаған ақылы жыл сайынғы еңбек демалысын немесе оның бір бөлігін екі жыл қатарынан бермей қалуға болмайды.

Кейде қызметкер демалысты кейінірек алатынын айтып, одан бас тартады. Ал шағын ұжымдарда оның орнын басатын адам табылмайтындықтан, жұмыс беруші де демалысты кейінге қалдыруға мәжбүр болады. Алайда мұндай шешім заң алдындағы жауапкершіліктен босатпайды.

Бухгалтерлердің айтуынша, ең алдымен жұмыс беруші әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 88-бабына сәй-

кес, қызметкерге екі жыл қатарынан ақылы еңбек демалысын бермеген жұмыс берушіге 20-дан 100 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін айыппұл (86 500 – 432 500 теңгеге аралығы) салынуы мүмкін.

Бұдан бөлек, мұндай шешім жұмыс берушінің шығынын арттыруы ықтимал. Егер осы аралықта қызметкердің жалақысы өссе, демалыс ақысы жаңа жалақы мөлшеріне қарай қайта есептеледі. Соның салдарынан кейін төленетін демалыс ақысы уақытында төленген сомадан әлдеқайда көп болуы мүмкін.

Тағы бір маңызды мәселе – қызметкер жұмыстан шыққан кездегі есеп айырысу. Заң бойынша еңбек шарты



тоқтатылған жағдайда жұмыс беруші пайдаланылмаған еңбек демалысының барлық күні үшін өтемақыны үш жұмыс күні ішінде толық төлеуге міндетті. Мамандар жұмыс берушілерге де, қызметкерлерге де еңбек демалысын заңда белгіленген мерзімде рәсімдеуге кеңес береді. Бұл артық шығын мен заң алдындағы жауапкершіліктің алдын алуға мүмкіндік береді.

Еңбек қауіпсіздігі

ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК, ҚУАТТЫ ҰЙЫМ

Қазіргі заманғы өндіріс пен еңбек нарығында адам капиталы – ең басты құндылық. Осы ретте әрбір қызметкердің қауіпсіз әрі қолайлы еңбек жағдайымен қамтамасыз етілуі өте маңызды. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау – бұл жұмыс барысында қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауды көздейтін құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық және санитарлық-гигиеналық шаралардың біртұтас жүйесі.



Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, жұмыс орнындағы жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың алдын алу кәсіпорынның экономикалық шығындарын азайтып қана қоймай, еңбек өнімділігін айтарлықтай арттырады. Сондықтан, еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтау жай ғана заңнамалық міндеттеме емес, бұл жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы жоғары жауапкершіліктің, сондай-ақ өндірістік мәдениеттің айқын көрінісі болып саналады.

Осы орайда «Қалың қалай, бастауыш ұйым?» акциясы аясында «Қызмет» салалық кәсіподағы Шымкент қалалық филиалының өкілдері Тұран ауданы әкімі аппаратының «Тұран» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұжымымен кездесу өткізді. Кездесу барысында еңбеккерлердің күнделікті тыныс-тіршілігі, еңбек қауіпсіздігі, жалақы мен әлеуметтік кепілдіктер мәселелері жан-жақты талқыланды. Қызметкерлерді толғандырған еңбек жағдайын жақсарту, демалыс уақыты мен ұжымдық шарттағы міндеттемелердің сақталуы бойынша өзекті сұрақтар көтеріліп, оларға кәсіподақ тарапынан түсіндірмелер мен нақты ұсынымдар берілді.

6 шілде – Астана күні мерекесі қарсаңында өткен бұл кездесудің ары қарайғы мазмұны мерекелік рухқа ұласты. «Қызмет» салалық кәсіподағы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Серік Әуесханов жиынға қатысушыларды мерекемен құттықтап, Шымкент қаласын таза ұстаудағы, көгалдандырудағы және қалалық жайлы ортаны қалыптастырудағы жұмыстарына қосқан ерекше еңбектерінің үлестері үшін оларға салалық кәсіподақ атынан шынайы алғысын айтты. Сондай-ақ, мекеменің

белсенді жұмысшыларына «Қызмет» салалық кәсіподағы Шымкент қалалық филиалының «Еңбек озаты» төсбелгілерін, «Құрмет грамоталарын» және «Алғыс хаттарын» табыстады. «Тұран» коммуналдық мекемесінде өткен бұл кездесу еңбеккерлердің жұмысқа деген ынтасын арттырып, бастауыш ұйымның жұмысын жаңа деңгейге көтеруге серпін бергендей болды.

Мұндай мазмұндағы кездесу Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы әкімі аппаратының «Әл-Фараби» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысшыларымен де өткен болатын. Жиында сөз алған «Қызмет» салалық кәсіподағы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Серік Әуесханов қуатты бастауыш ұйым қалыптастыру арқылы еңбек адамының мәртебесін көтеру басты міндет екенін атап өтті. Бүгінде еңбек адамы – қоғамның тұрақты дамуы мен әл-ауқатының негізі, сондықтан оның еңбегін бағалау, құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін қорғау, қауіпсіз әрі қолайлы еңбек жағдайын қалыптастыру кәсіподақ жұмысының басты бағыттарының бірі болып қала береді.

Аталған жиында қуатты ұйымның белсенді тірегіне айналған еңбек озаттары да елеусіз қалмады. Марапаттау сәтінде олардың есімдері ерекше құрметпен аталды. Атап айтқанда, еңбектегі жоғары көрсеткіштері мен кәсіподақ ісіне адалдығы

үшін «Қызмет» салалық кәсіподағы Шымкент қалалық филиалының «Еңбек озаты» төсбелгісімен Тимур Нарымбетов, Дінмұхамед Шаншарханов, Айдос Ақылбай және Бекмырза Абсанов марапатталды. Сонымен қатар, кәсіподақ өміріне белсене араласып, ауыр да жауапты қызметте адалдық танытқаны үшін Нұрсұлтан Қожақов, Дәурен Икрамов, Еркөн Мұстафаев, Бекзат Уразбеков және Светлана Тұрмаханбетова салалық кәсіподақтың «Құрмет грамотасына» ие болды. Сондай-ақ, ұжымның бірлігін бекемдеуге үлес қосқан бірқатар қызметкерлер – Жәмила Қуванова, Гүлбахира Оспанова, Ғабдулла Қаныбеков, Мәдина Садыкова, Асылжан Қаштаев пен Қарашаш Ізбасар арнайы «Алғыс хаттармен» марапатталды.

Қуатты бастауыш ұйым – еңбеккер мүддесінің қорғаны, ал кәсіподақ – еңбек ұжымының жүрегі. Оның қалыпты жұмыс істеуі, қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғауы тікелей бастауыш кәсіподақ ұйымының белсенділігіне байланысты. Алдағы уақытта да «Қызмет» салалық кәсіподағы Шымкент қалалық филиалы еңбеккерлердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, қауіпсіз еңбек жағдайларын қалыптастыру және әлеуметтік әріптестікті дамыту бағытындағы жүйелі жұмыстарын жалғастыра береді. Өйткені еңбек адамының амандығы, әлеуметтік әл-ауқаты мен кәсіби беделі – қоғамның тұрақты дамуының басты негізі.

Дайындаған
М. ЫБЫРАЙ

Ана мен бала

БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ҚАУІПСІЗДІКТЕН БАСТАЛАДЫ



Балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғау – кез келген қоғамның басты құндылығы әрі болашақ алдындағы жауапкершілігі. Бүгінде өскелең ұрпақтың амандығын қамтамасыз ету мәселесі еліміздің әрбір өңірінде ерекше бақылауға алынған. Шымкент қаласында да балалардың құқықтарын қорғау мен олардың қауіпсіз, бақытты балалық шағын қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар атқарылууда.

Мұндай маңызды шаралардың жалғасы ретінде, Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері аудан әкімдіктерінің өкілдерімен бірлесіп, көпқабатты тұрғын үйлерде ауқымды профилактикалық іс-шаралар өткізуде. Бұл шаралар көпқабатты үйлерде өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтау және соңғы уақытта жиілеп кеткен балалардың терезеден құлап кетуінің алдын алуды көздейді.

Іс-шара барысында мамандар тұрғындарға тұрмыстағы өрт қауіпсіздігінің қарапайым, бірақ өмірлік маңызы бар талаптарын тәптіштеп түсіндірді. Әсіресе күн ысығанда электр желілеріне шамадан тыс жүктеме түсірмеу, тек жарамды электр құралдарын пайдалану және ең бастысы – балаларды үйде қараусыз қалдырмау қажеттігіне айрықша назар аударылды.

Сонымен қатар, құтқарушылар ата-аналарға балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын еске салып, терезелерге арнайы қорғаныс құрылғыларын (блокаторлар мен торлар) орнатуды ұсынды. Мамандар кішкентай бүлдіршіндердің терезе маңында ойнауына жол бермеуді және олардың өрмелеп шығуына септігін тигізетін жиһаздарды терезе алдына қоймау қажеттігі жөнінде де керекті кеңестер берді.

Шілденің аптап ыстығы әбден қызған қазіргі жаз мезгілінде бұл ескертулердің маңызы екі есе арта түспек. Үй іші ысыған соң терезелерді ашып қою – күнделікті әдетіміз, алайда осы бір сәттік салғырттық пен ашық тұрған терезе үлкен қайғыға әкеп соқтыруы мүмкін екенін ұмытпаған жөн. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау – тек құзырлы органдардың ғана емес, әрбір ата-ананың күнделікті тіршіліктегі басты міндеті мен жауапкершілігі болуы тиіс.

Ә.ӘУЕСБЕКОВА

Отбасы құндылығы

ӨНЕГЕЛІ ТӘРБИЕНІ ТҮ ЕТКЕН КӨШПЕЛІ СЕМИНАР ӨТТІ

Адам баласының өміріндегі ең қасиетті мекен де, оның тұлға болып қалыптасатын бастапқы баспалдағы да – отбасы. Дәл осы ұяда адамгершіліктің негізі қаланып, келешек ұрпақтың рухани болмысы айқындалады. Сондықтан шаңырақтың беріктігі мен ондағы тәрбиенің түзулігі әрқашан ұлттың саулығы мен мемлекеттің қуаттылығының кепілі болып қалмақ. Осы орайда, ҚМДБ Шымкент қаласы, Қаратау ауданына қарасты «Қарабура әулие» мешітінде «Өнегелі отбасы – қоғам байлығы» атауымен аудандық көшпелі семинар өтті. Жиынның негізгі өзегі де осы қасиетті құндылықтарды дәріптеуге бағытталды. Басқосуға аудан имамы Ербол қажы Тастанбекұлы бастаған жергілікті мешіттердің діни қызметкерлері түгел қатысып, маңызды мәселелерді талқылады.

Семинар барысында сөз алған аудан имамы Ербол қажы Тастанбекұлы отбасы институтының қоғамдағы рөліне тоқталып, өз пікірін былай деп білдірді:

– Шын мәнінде, дін мен дәстүр сабақтастығы сақталған ортада ғана отбасының берекесі кіреді. Шаңырақтағы тыныштық пен өзара татулық – бүкіл қоғамның тұрақтылығына тікелей әсер ететін негізгі



күш. Біз өз тәжірибемізде көріп жүргендей, имандылық пен рухани тәрбиені бесіктен сіңіріп өскен бала болашақта елге, жұртқа тек пайдалы азамат болып қалыптасады. Сондықтан біздің басты міндетіміз – жас буынның бойына ата-ананы құрметтеу, отаншылдық сияқты асыл қасиеттерді сіңіру. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық болмысымызды сақтап қалудың жалғыз жолы – отбасылық құндылықтарды берік ұстану. Өйткені, отбасы түзелмей, қоғам-

дағы өзекті мәселелердің шешімін табу мүмкін емес.

Рухани жиын аясында аудандағы салаға жауапты имамдар арнайы баяндамалар жасап, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен қалалық өкілдіктен келген тапсырмаларды пысықтады. Мешіт қызметкерлері күнделікті уағыз-насихат жұмыстарында отбасылық құндылықтарды насихаттаудың жаңа әдіс-тәсілдерін талқылап, өзара тәжірибе алмасты. Бұл ретте,

отбасылық ажырасулардың алдын алу, жас жұбайларға неке кию рәсімі алдында жауапкершілікті түсіндіру және отбасындағы әке мен ананың міндеттерін дұрыс жеткізу мәселелеріне баса назар аударылды.

Басқосуды қорытындылаған аудан имамы Ербол қажы Шымкент қаласының бас имамы Бақдәулет қажы Нұрматұлының игі тілегін жеткізді. Ол дін қызметкерлеріне қоғамдағы жат ағымдардың алдын алу мен отбасылар арасындағы түсіністікті нығайтуда үлкен жауапкершілік жүктелетінін ескертті. Имам өз сөзінде: «Әрбір діни қызметкер өз міндетіне барынша жауапкершілікпен қарап, ұлт ұйытқысы болып табылатын отбасы құндылықтарын насихаттауды басты назарда ұстауы тиіс», – деді.

Бұл көшпелі семинар тек есептік жиын емес, қоғамның рухани дінгегін бекіту жолындағы маңызды қадам болды. Онда айтылған ойлар мен қабылданған жүйелі шешімдер келешекте отбасылық берекені арттыруға, шаңырақтардың шайқалмауына және ұрпақ тәрбиесінің дұрыс бағытта өрбуіне септігін тигізетін сөзсіз.

Әлия ТАСТАНБЕКҚЫЗЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

ҰЛТ ҚАУІПСІЗДІГІ ШЕКАРАДАҒЫ ҚЫРАҒЫЛЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

— Арман Төлепбергенұлы, шекара — мемлекеттің басты қорғанысы, ұлттық қауіпсіздіктің алғы шебі. Өзіңіз қызмет ететін осы оңтүстік шептің тарихи қалыптасу маңызы қандай және осы уақытқа дейін қандай ірі заң бұзушылықтардың жолы кесілді?

— Оңтүстік өңірдегі мемлекеттік шептің тарихи қалыптасуы тікелей Тәуелсіздік шежіресімен байланысты. Кеңес Одағы тұсында Қазақстан мен Өзбекстан арасында қазіргідей нақты әкімшілік бөлініс болмай, екі ел тұрғындары өзара еркін қатынап тұрды. Егемендік алғаннан кейін еліміздің ең ұзын құрлықтық шекараларының бірі саналатын осы бағытты заңдық тұрғыдан шегендеу және қорғау мәселесі жедел түрде қолға алынды.

Осы маңызды шепті қырағылықпен күзету мақсатында 1999 жылдың 15 қыркүйегінде шыққан арнайы бұйрықпен 2020 әскери бөлімі, яғни қазіргі Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасы құрылды. Өзбекстан Республикасымен арадағы 200 шақырымдық шекара аумағын күзету міндеті жүктелген аталған құрылым — оңтүстік шептегі қауіпсіздіктің берік қалқанына айналды. Содан бері бұл өңірдің маңызы жылдан жылға артып келеді.

Қазіргі таңда жеке құрам заңсыз көшікөңнің, есірткі тасымалының және түрлі құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында тәулік бойы міндетін атқаруда. Жолы кесілген ірі заң бұзушылықтарға тоқталсақ, бұған нақты мысал ретінде 2024 жылғы 31 мамырда Сарыағаш шекара аймағына қарасты «Б. Қонысбаев» атындағы бақылау-өткізу пунктінде болған оқиғаны айтуға болады. Жедел іс-шаралар барысында 775 келі «героин» есірткі заты тәркіленді. Шекарашыларымыз ауыр жүк көлігін тексеру кезінде қызметтік иттің көмегімен күдікті жүкті анықтады. Халықаралық контрабандистер есірткіні аяқ киім креміне арналған пластикалық құтылардың ішіне жасырған.

Құзырлы органдардың мәліметінше, бұл есірткі еліміз аумағы арқылы Еуропа елдеріне транзитпен жеткізілмек болған. Бұл — Қазақстан шекарасында бір жолы қолға түскен «героиннің» рекордтық көлемдерінің бірі. Мұндай нәтижелер шекарашылардың қажырлы еңбегінің арқасында ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде атқарып жатқан жұмысымыздың қаншалықты маңызды екенін айқын көрсетеді.

— Мұндай ауқымды трансұлттық контрабанданың жолын кесу тек бір сәттік сәттілік емес, үлкен арнайы дайындық пен ұтымды іс-қимыл жоспарының жемісі екені анық. Ал осы қырағылықты шындайтын шекара нарядының бір күндік жауынгерлік қызметі мен дайындық барысы қалай ұйымдастырылады?

— Көпшілік шекара қызметіне қызығушылық танытқанымен, оның ішкі тәртібі мен қиындығын толық біле бермейді. Сырт көзге бұл тек шеп бойында кезекшілікте тұру сияқты жеңіл көрінгенімен, іс жүзінде өте үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Шынында да, шекарашының әрбір күні темірдей тәртіп пен тыңғылықты дайындықтан тұрады. Күнделікті 8-12 сағатқа созылатын жауынгерлік кезекшілігіміз тым ерте басталады, өйткені кез келген іс-қимылдың сәтті болуы ең алдымен осы дайындық барысына тікелей байланысты.

Қызметке түсер алдында әрбір шекара наряды міндетті түрде арнайы нұсқамадан өтеді. Жеке құрам сапқа тұрып, ең басты құжатты — нақты жауынгерлік бұйрықты алады. Осы жиында бізге шекара учаскесіндегі жедел жағдай толық жеткізіліп, ықтимал қауіп-қатерлер мен құқық бұзушылық тәуекелдері егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Ерекше бақылауды қажет ететін бағыттар нақтыланып, әрбір әскери қызметшінің міндеті жіті айқындалады.

Нұсқамадан кейін бір күндік қызметтің екінші маңызды кезеңі — қару-жарақ пен техникалық жабдықтау басталады. Біз қару-жарақ, оқ-дәрі, байланыс құралдары мен арнайы техникаларды қабылдап ала-



ШЕКАРАШЫНЫҢ

мыз. Әр құралдың жарамдылығын мұқият тексереміз. Себебі шекара қызметінде ұсақ-түйек деген атымен болмайды — тіпті бір ғана байланыс құралының істен шығуы соңғы шепте үлкен қауіпке соқтыруы мүмкін. Осындай мұқият әзірліктен кейін ғана наряд шекараны күзетуге аттанады.

— Нұсқамадан кейінгі тікелей шептегі күзет қалай өтеді? Күтпеген жерден шұғыл қауіп төнсе немесе шекара бұзушылармен бетпе-бет келсеңіздер, қандай әскери тәсілдер мен айла-амалдарға сүйенесіздер?

— Нұсқама аяқталғаннан кейін әрбір шекара наряды белгіленген бағыт бойынша бекітілген аумаққа аттанады. Дәл сол сәттен бастап мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау жөніндегі негізгі жауынгерлік міндетіміз басталады. Шепке шыққан соң біз жолдарды, сопақтарды, ағаштар мен қамыс арасын, жалпы бүкіл учаскені үздіксіз бақылауда ұстаймыз. Күмәнді із, белгісіз адам, күдікті көлік немесе қандай да бір заңсыз әрекет байқалса, бұл туралы дереу шекара бөлімшесіне баяндаймыз.

Шекара қызметінің өз қиындығы бар: кейде түн ортасына дейін қалың қамыс ішінде жасырын күзетте тұрсақ, кейде шаңды дауыл мен ыстық-суыққа қарамастан міндетімізді атқарамыз. Осындай сәттерде қызметтік иттердің көмегі ерекше. Әсіресе, шекара бұзушылардың ізіне түскен кезде олардың сезімталдығы бізге үлкен қолдау көрсетеді.

Егер күтпеген қауіп төнсе немесе шекара бұзушы анықталса, біз алдын ала бекітілген шұғыл іс-қимыл жоспары бойынша әрекет етеміз. Наряд бірден бұзушының ықтимал қозғалыс бағытын жауып, жағдайға қарай жасырын әрі өзара тығыз үйлесімде қимылдайды. Қарсылық көрсетіп, қару қолданып жағдайда біз де заң шеңберінде барынша тойтарыс беруге толық дайынбыз. Бұндай сәтте арнайы тактикалық тәсілдер мен әскери шеберлікке жүгінеміз. Бірақ барлық іс-қимылда адам қауіпсіздігі бірінші кезекте ескеріледі және заң талаптары қатаң сақталады.

Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін бөлімшеге оралып, атқарылған жұмыс бойынша толық баяндама жасаймыз және қару-жарақты тапсырамыз. Егер қандай да бір кемшіліктер байқалса, келесі ауысымның дайындығы сол қорытындылар негізінде пысықталады. Түйіндей айтқанда, шекарашының шептегі қызметі сағат тілімен шектелмейді.

ШЕПТЕГІ ҚЫЗМЕТІ



БАНГЛАДЕШ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ШЕКАРАНЫ ЗАҢСЫЗ БҰЗУЫНА ЖОЛ БЕРМЕДІК

— Қызмет барысында қас-қағым сәтте шешім қабылдауға тура келетін кездер болады ғой. Тәжірибенізде шекара бұзушылармен бетпе-бет келген, ең күрделі операцияны айтып бере аласыз ба?

— 2025 жылғы тамыздың бір түні болатын. Жеке құраммен бірге бекітілген аумақты бақылап жүргенбіз. Бір уақытта «Сарыағаш» шекара бөлімшесінен мемлекеттік шепті заңсыз кесіп өтпек болған белгісіз тұлғалар туралы дабыл белгісі түсті. Қас-қағым сәтте кідірмей, дереу іске көштік. Қызметтік ит Мрақтың көмегімен ізге түсіп, бақылап-тексеру жолағы мен қалың қамыс арасын мұқият тіптіп шықтық.

Түн қараңғы, айнала жым-жырт. Ондай сәтте кез келген сыбырға сақ қарайсың.

Жанын шүберекке түйген сақшылар үшін бұл қалыпты жағдай болғанымен, қараңғылықта заң бұзушылардың қолында қару болуы мүмкін деген ой іштей сақтықты күшейте түседі. Сондықтан әр қадамымызды есеппен бастық.

Іздеу оңайға түскен жоқ. Қамыс ішін сағалап, біраз уақыт жүрдік. Осы жедел іс-қимыл барысында басқарма мен бөлімше басшылығы маған хабарласып, іс-қимылды жедел үйлестіруді және сақтық шараларын күшейтуді тапсырды. Мен учаскедегі жағдайды дер кезінде бағалап, күдіктілердің ықтимал бағытын анықтау арқылы шекаралық нарядтың қозғалысын ұтымды ұйымдастырдым.

Осындай сындарлы сәтте Мрақтың сезімталдығы мен шекарашылардың тәжірибесі заң бұзушылардың айланып тас-талқан етті. Нәтижесінде Өзбекстан тарапынан өтіп, біздің елдің аумағына заңсыз кірмек болған Бангладеш Республикасының 3 азаматы құрықталып, қажетті шаралар қолдану үшін құзырлы органдарға жіберілді.

— Тәртіп пен қауіп қатар жүретін әскери өмірде ұжымды бір серпілтіп тастайтын, ерекше есіңізде қалған қызықты сәттер де болып тұратын шығар?

— Әрине, қызметте қауіпті сәттермен қатар ұжымның есінде ұзақ сақталып қалатын көңілді оқиғалар да кездеседі. Соның бірі 2013 жылы Сарыағаш шекара басқармасындағы №1 бақылау-өткізу пунктінде кезекшілікте тұрған кезімде болған еді.

Сол күні әскери автокөлік бөлім аумағынан сыртқа шығып бара жатқан еді. Мен тәртіп бойынша бұл туралы жұмыс телефоны арқылы кезекшіге шұғыл баяндауым керек. Асығып жүріп ішкі нөмірді кате

теріп, байқаусызда сыртқы қалалық желіге қосылып кетіппін. Тұтқаны кездейсоқ үйінде отырған бір жергілікті тұрғын көтерген екен.

Ол кісі менің нық, әскери үнмен: «Көлік шығып жатыр!» деген хабарламамды естіп, мән-жайды түсінбей, маған: «Шықса қайтейін?» деп жауап қатты. Мен кезекшімен сөйлесіп тұрмын деп ойлап, жағдайды одан сайын нақтылап, аптықпай баяндап жатырмын, ал ол кісі таңғалып әлек.

Кейін нөмірден қателескенім анықталғанда, ұжыммен бір күліп алған едік. Сырт көзге тек қатаң тәртіптен тұратындай көрінетін әскери өмірде осындай қызықты сәттер қызметтің қиындығын бір сәтке ұмыттырып, көңіл-күйді көтереді.

— Ал егер уақытты артқа айналдырсақ, осыдан 10-15 жыл бұрын, қазіргідей заманауи цифрлық технологиялар мен бейнебақылау жүйелері жоқ кезде, шекара бұзушылардың жолын кесу қалай ұйымдастырылды? Олардың осындай әккі әрекеттерімен қалай күрестініздер?

– Иә, әр кезеңнің өз қиындығы мен ерекшелігі бар. Мәселен, 2011 жылы «Ынтымақ» шекара бөлімінде қызмет еткен кезімде қазіргідей автоматты бақылау камералары немесе арнайы дабыл құрылғылары атымен жоқ еді. Оның үстіне, әккі заң бұзушылар біздің қай бағытта жүргенімізді жергілікті тұрғындар арқылы сырттай бақылап, анып отыратын.

Мұндай заманауи техника жоқ кезде біз тек жердегі ізге, өзіміздің шыдамдылығымыз бен бір-бірімізге деген сенімге ғана сүйенетінбіз. Заң бұзушылар іздерін жасыру үшін неше түрлі қулықтарға көшетін. Біз оларды тек шекара бойындағы арнайы қосытылған жер жолағындағы кішкентай белгілерді, сынған бұтақтарды немесе шөптің жапырылуын мұқият тексеру арқылы анықтайтынбыз. Шекара шебінде жасырынып тұру, түнде күзетке шығу арқылы және қызметтік иттердің көмегімен олардың жолын кесетінбіз. Кез келген ауа райында, батпақ пен шөлде жаяу жүріп, әрбір сүйем жерді жіті тексеретінбіз.

Міне, 2011-2023 жылдар аралығында осындай күзет топтарында жинаған үлкен тәжірибем кейін бақылау-өткізу пунктіндегі (КПП) жұмысыма көп септігін тигізді. Мұнда да қырағылық танытып, әскери көліктердің рұқсатпен кіріп-шығуын және бөгде адамдардың тиісті құжатсыз аумаққа өтіп кетпеуін қатаң қадағалап отырдым.

ӘКЕМНІҢ ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІБІ МЕНІ ӘСКЕРИ САЛАҒА ӘКЕЛДІ

– Осындай қауіп-қатері жоғары, жауапты салаға келуіңізге не түрткі болды? Өзіңіздің өскен ортаңыз, отбасылық тәр-

еді. Ата-анам да мені ерте жастан осы міндетті сезініп, ертеңгі күні елге қызмет ететін, отбасына тірек болатын азамат ретінде баулыды. Қысқасы, сегіз қыздың қамы мен әкемнен кейінгі шаңырақ тірегі болу міндеті мені ерте есейтіп, Отан қорғаушы болуға іштей дайындады.

– Байқауымша, бойыңыздағы темірдей төзімділіктің қалыптасуына бала кезіңізден спортпен айналысқаныңыздың да септігі тиген сияқты.



САҒАТ ТІЛІМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ

биеніз жайлы толығырақ айтсаңыз...

– Менің шекарашы қызметін таңдауым – бала кезден көрген бойыма сіңген отаншылдық тәрбием мен өскен ортамның ортақ жемісі. Өзім Түркістан облысы, Сарыағаш қаласында, яғни Өзбекстан Республикасымен шекаралас аймақта дүниеге келдім. Оның үстіне, әкем марқұм Төлепберген Алиядаров Сарыағаш ауданы, Дарбаза ауылдық округіне қарасты 52-разъездегі №35747 әскери бөлімде 1972 жылдан бастап ұзақ жылдар бойы қалтқысыз қызмет етті. Бала күнімнен көз алдымда әкемнің әскери киімі, оның жұмысқа деген темірдей тәртібі тұрғандықтан, үйдегі жинақылық пен жауапкершілік маған өте ерте дарыды. Осылайша үйде басталған тәртіп, кейін мектеп қабырғасында одан әрі ұштасты. Мен 1992 жылы Сарыағаш қаласындағы Кеңес Одағының Батыры Сыдық Ысмайылов атындағы №5 орта мектептің табалдырығын аттадым. Ұстаздарымыз бізге тек білім беріп қана қоймай, ел үшін жаумен бетпе-бет шайқасқан осы батыр атамның ерлігін үнемі санамызға сіңіріп өсірді. Осындай орта «ел шетін қорғау – ең қасиетті міндет» деген ұғымды бойымызға мықтап бекітті.

– Әкеніңден көрген әскери тәртіп өз алдына, ал анаңыздың берген үлгі-өнегесі бойыңызға қандай құндылықтарды ұялатты?

– Дұрыс айтасыз, әкем мен мектептен көрген әскери рух үйдегі анамның аялы тәрбиесімен тамаша үйлесім тапты. Анам Хазима Омарбекқызы – ұзақ жылдар бойы Сарыағаштағы СПТУ-31 училищесінде тігін пәнінен сабақ берген, талай шәкірт тәрбиелеген ардақты ұстаз. Ол кісі бүгінде де әулетіміздің берекесін кіргізіп, шаңырақтың шырайын келтіріп отыр және бізге әркез адал еңбек етуді, үлкенді құрметтеуді үйретіп келеді.

Бұл ретте анамның ұстаздық ұлағаты үйдегі тағы бір ерекше жағдаймен ұштасты. Мен қарашаңырақта сегіз қыздың ортасындағы жалғыз ұл болып өстім. Жалғыз ұл болу – мен үшін еркін өсіп, еркелеудің белгісі емес, керісінше, кішкентайымнан иығыма жүктелген үлкен жауапкершілік

– Иә, спорттың тигізген әсері орасан зор болды. Өйткені үйдегі осы үлкен жауапкершілік сезімі мен мектептегі оқуым спорттық шынығумен бекітіле түсті. 2000 жылдан бастап білікті маман, жаттықтырушы Қарамат Әзбекұлы Мамедовтан жекпе-жек жауынгерлік өнері бойынша тәлім ала бастадым. Бапкеріміз бізді тек спортқа баулып қана қоймай, рухани тұрғыдан да үлкен тәрбие берді. Ол кісі бізге әрдайым адамдық қасиетті сақтауды, зиянды әдеттерден аулақ болуды және күшті тек заң мен Отанды, өзінді қорғау қажет болғанда ғана қолдануды үйретті. Осы спорттық төзімділіктің, сондай-ақ мектептегі ұстаздарымның берген терең білімінің арқасында 2003 жылы мектепті де үздік нәтижемен аяқтадым. Осылайша, отбасым мен бапкерімнен алған темірдей тәртіп мектеп бітіргеннен кейін мені нағыз әскери өмірге, шекара қызметіне нық қадаммен жетелеп әкелді.

ПАТРИОТИЗМДІ КҮРДЕЛІ ТЕРМИНМЕН ЕМЕС, КҮНДЕЛІКТІ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ТҮСІНДІРЕМІН

– Мектепті тәмамдағаннан кейінгі кәсіби әскери жолыңыз бен жоғары білім алу белестеріңіз қалай жалғасты?

– Отан алдындағы азаматтық борышымды өтеу – мен үшін басты міндет болды. 2005 жылдың мамырында Алматыдағы 2468 әскери бөлімінің оқу орталығына қабылданып, қазан айында кіші сержант шенін алдым. Кейін қызметімді Атыраудағы 2016 әскери бөлімінде жалғастырып, 2007 жылы мерзімді қызметімді аяқтадым. Бұл екі жыл бойымдағы әскери рухты шыңдады. Осы саладағы кәсіби жолымды жалғастыру 2009 жылы Сарыағаштағы 2020 әскери бөліміне қарасты «Ынтымақ» заставасына қызметке тұрдым. Коменданттық ротада зеңбірекші, 2018 жылдан бастап бөлімше командирі болдым. Ал 2023 жылдың қазан айынан бері «Сарыағаш» шекара бөлімшесінің аға барлаушысымын.

Әскери қызметкер үнемі ізденісте болуы керек. Сол себепті қызметтен қол үзбей, 2012 жылы Мардан Сапарбаев атындағы

институтқа оқуға түсіп, 2016 жылы «Алғашқы әскери дайындық» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін иелендім.

– Институт қабырғасында алған осы әскери-педагогикалық біліміңізді қазіргі таңда іс жүзінде қалай қолданып жатырсыз?

– Осы алған кәсіби білімім мен шекарадағы 17 жылдық жауынгерлік тәжірибемді ұштастыру мақсатында Сіргелі ауылындағы №36 К.Токмұхамедов атындағы мектеп

йым әрі ұғынықты мысалдармен түсіндіруге тырысамын.

Тұтас бір мемлекеттің, миллиондаған халықтың тыныштығы мен қауіпсіздігі әрбір адамның өз міндетіне жауапты болуынан басталады. Сол себепті мен үшін патриотизм, ең алдымен – өз ісінді мінсіз атқарудан, айналаңа пайданңның тиюінен және елге деген шынайы жауапкершіліктен көрінеді. Жастардың бойына осы өмірлік қағиданы сіңіріп, оларды ел тірегі боларлық тұлға етіп тәрбиелеуді өзімнің әскери және азаматтық парызым деп білемін.

ТӘРТІПТІ – ШАҢЫРАҒЫМНАН, ТАБАНДЫЛЫҚТЫ – ШЕКАРАДАН ТАПТЫМ

– Осындай үлкен қоғамдық және жауынгерлік жүктемені көтеру оңай емес. «Егер өмір маған қайта мүмкіндік берсе, осы саланы тағы таңдар едім» дей аласыз ба және жауапкершілігі ауыр күнделікті қызметіңізге отбасыңыз қалай қарайды?

– Әрине, еш ойланбастан дәл осы жолды қайта таңдар едім. Өз болмысымды шекара қызметінен бөлек елестете алмаймын. Әскери антқа адал болу – мен үшін үлкен мәртебе.

Бұл ретте отбасымның, әсіресе жұбайым Мөлдірдің қолдауы – мен үшін үлкен медеу. Ол «Боботик» дәріханалар желісінде фармацевт болып жұмыс істейді. Мамандығы бөлек болса да, әскери қызметтің қиындығын жақсы түсінеді. Шекарашы ретінде кез келген сәтте қызметке шақырылатынымды, күндер бойы үй бетін көрмейтінімді біледі. Жұмыстың ауырлығына қарамастан, отбасының берекесін сақтап отырғаны маған зор күш береді.

Бүгінде екі қыз, екі ұл тәрбиелеп отырымыз. Шаңырағымызда тәртіп пен үлкенге құрмет – басты орында. Отанды сүйуді балаларыма құр сөзбен емес, өзімнің қызметіме деген адалдығыммен көрсетемін. Ұлдарымның менің жолымды қуғысы келетіні қуантады. Бірақ ең маңыздысы – олардың өз елін шын жүреппен сүйетін, ар-намысы биік нағыз Адам болып қалыптасуы. Және бұл отбасылық тәрбие мектептегі «Жас шекарашы» үйірмесіндегі шәкірттеріміздің бойында да табиғи жалғасын тауып келеді.

– Өзіңіз айтқан осы әскери парыз бен жауапкершілікті сезініп, келешекте шекарашы болуды, осы саланы таңдауды көздейтін жас буынға қандай ағалық кеңес берер едіңіз?

– Өзімді жастарға ақыл айтатын үлкен ақсақал ретінде көрмеймін. Мен – шекара шебінде жиырма жылға жуық еңбек етіп, өмірлік тәжірибе жинаған қарапайым азаматпын. Қазіргі жасыма дейінгі көрген-түйгенімнен ұққаным: адам кез келген үлкен мақсатқа жету үшін, ең алдымен, ішкі тәртіпті қалыптастыруы қажет. Өзін тізгіндей алмаған адамның ел қорғайтын істе тұрақтап қалуы қиын.

Сондықтан өскелең буынға айтарым – әр іске зор жауапкершілікпен қарап, өз-өздеріне биік талап қоя білдіңдер. Уақытты босқа шығындамау, ерінбей еңбек ету және бастаған шаруаны соңына досын жеткізу – адамды алға жетелейтін негізгі қағидалар болып саналады. Өз уақытын бағалап, ісіне ұқыпты қарай алған адам ғана туған жердің қадірін терең ұғына бастайды. Осындай қасиеттер біртіндеп елге деген шексіз құрметке ұласады.

Сөзіне берік, ісіне мұқият тұлға ғана қоғамға пайдасы тиетін нағыз мемлекетшіл азамат болып қалыптасады. Жас буынға тілерім – алға қойған мақсаттарың айқын болып, әр күндеріңді мағыналы өткізуге ұмтылыңдар. Ел ертеңіне адал қызмет ететін айбынды азаматтар дәл осындай қарапайым қадамдардан қалыптасады деп сенемін.

– Арман Төлепбергенұлы, шекара шебінде тұрып, ел іргесін аман, түн тыныштығын бекем еткен адал қызметіңіз бен мағыналы сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Әлия ӘУЕСБЕКОВА

ҚЫЗДАРЫМА АМАНАТ НЕМЕСЕ БАҚЫТ ЖАРТЫ БОЛМАЙДЫ

Өзге ұлттың құшағында тұрған қазақ қыздарын көргенде жаның селк етіп, көңілің құлазиды, қимас асылыңды лас қолды жат жан аяусыз былғап, іске алғысыз қоқысқа айналдырып жатқандай тітіркенесің. Қарауға сескенесің, әлде жиіркенесің, әлде сол лас қолды қағып жібергің келгендей еріксіз қарманасың, сосын, сосын өзіңнің дәрменсіз халіңе күйініп ойланасың. «Апыр-ай, бауырындағы балапанын қалай жат елге қиып жіберіп отыр, осыған дейін ондай әрекеттің өздерінің де, тұтас елдің де намысын қоздырар ерсі екенін түсіндірмегені ме?» деп өзіңе өзің сұрақ қоясың. Әрине, жауап таппайсың... «Көпшілік не деп жатыр екен?» дейсің. Қарсы ойларын білдіріп жатқандар баршылық, оған да көңіл сәл жұбанғандай болады.



«Шетелге қыздарыңды бекер оқытасыңдар» деп қаталдау айтқанмен, «Тәрбиесіз, үлгісіз тек білім беруді ойлағансыңдар» деп ешқайсысы айтпайды. Демек, отбасындағы ұлттық тәрбие беру мәселесіне ешкім мән бермегені ғой. Бұл – енді, тым қауіпті көрініс.

Біразының пікірлері мені шошытып отыр. Олардың ойынша: «Кімге барса да бәрібір, қыз бақытты болса болғаны». Енді біразының пікірі бұдан да сорақы. Білімді қыздардың ойынан шығатын керемет жігіт қазақ жігіттерінің арасында жоқ екен. Сонда сол қыздардың інісі, ағасы, жиені, нағашысы, бөлесі болып келетін, сол ортадан шыққан қазақ жігіттеріне не болғаны? Ол қыздар алтын тақпен аспаннан салбырап тұсап пе? Сол қыздар таңдаған өзге нәсілді жігіттерде бір пенделік кемшілік жоқ па екен, періштедей таза, әулиедей пәк пе екен? Махаббат деген көбік сезім басылғанда одырайып кемшілігі көрініп жатса, бұл қыздар қайтер екен? Ондайлардың тағдыры да жазылып жатыр ғой, тыңдар құлақ болса...

«Бақытты болса...» дегенге келсек. Бақыт ешуақытта жартыкеш болмайды, ол – бүтін құбылыс. Оны бабалар «Төрт құбыласы түгел» деп түсіндірген. Бақытты болуы үшін әр қыздың ата-баба сақтаған салты, дәстүрі, таным-түсінігі, жеген асы мен дастархан мәдениетінде барған жерінен өзгешелік болмауы тиіс. Сонда барған елі оның тегін құрметтейді, шыққан әулетін бағалайды, қыздың бір құбыласы осы болса керек. Қыздың әдебін, үлкенге құрметін, кішіге ізетін бағалау үшін де барған елі қыздың төркінінің бар тарихынан, мәдениетінен алыс болмауы керек. Сонда қыздың иіліп жасаған сәлемінің қасиетін ұғады, құрметтейді. Бұл – қыздың екінші құбыласы деуге болады. Қыздың білімі, еңбекке икемділігі, төзімділігі мен алдыңғы өміріне жасаған батыл қадамы – үшінші құбыласы. Төртінші құбыласы – өзі таңдаған ер азаматқа деген кіршіксіз адалдығы, сенімі, сүйіспеншілігі. Ал өзге елге кетіп жатқан қыздар бұның ішінде тек соңғы бір құбыланы ғана ұстап отыр. Ол – ер азаматтың құшағы. Қалған әйел затын бақытты етуге тиіс шарттылықтар мүлдем жоқ. Тек бір еркектің құшағы болашақ оған бақыт бола ала ма? Бақыттымын деп өзі ойлар, бірақ айналасы жып-жылтыр, тапқан баласының өзі өзінен жат болып тұрады, анасының тегін қызықтамайды, қаны бір болғанымен, анасымен жүрегі қабыспайды, оны бағалай алмайды. Бұл бақыт емес. Бұл – адасқан қаздай, үйірінен адасқан қыздың өзі қуып жүрген, өмір бойы жеткізбейтін елесі, бақыт емес. Өзінің елі, жері, ата-бабасы, олар сүйген өмір салты, ерлік әрекеттері, т.б. рухани азық болар естеліктерін перзентіне айта алмаса, оны тыңдар перзенті болмаса, ол бақыт болып есептеле ме? Әлдебір жат жанның перзентін дүниеге әкелу үшін өмір сүрген бір бейбақ болып қалады. Перзенті де ол елдің толыққанды азаматы бола алмайды. Себебі, анандан алар рухани құндылықты адасып барған біздің қыз бере алмайды. Сондықтан ол елде бағасы да көтерілмейді. Бұны қазақ «сен де бір шіріген жұмыртқа» деп атаған. Сонда шетке, жат елге кеткен қыз өз елі үшін «шіріген жұмыртқа» болып есептеледі.

«Өз еліміздегі қыздардың бәрі бақытты ма?» деп дауласуыңыз мүмкін. «Бақытты адамнан бата алсаң, перзентті боласың» деген соң бір патша өз елінен бақытты адам іздепті дейтін бір аңызда. Бақытты деп іздеп барған жанның бәрінде бір қол жетпес арманы болып шығады. Өзге елден іздесе де дәл сондай. Бақытты адамды таппаған екен. Сол айтқандай, өз елімізде тұрмысы нашар болуы мүмкін, ер азамат табысты болмауы мүмкін, тапқанын құмарға салуы мүмкін, т.б. көңіл толмайтын тұрмыстық тауқыметтер кездеседі. Бірақ бұл – бір ғана кемдік. Қалғаны түгел ғой. Мұндайды дана қазақ «Бірі кем дүние» дейді. Байқайсыз ба, бірі ғана кем. Қалғаны түгел, қалың ел ішінде, құрметің мен сыйың өзінде.

Қыздарым, немерелерім, айналайындар, үйірлеріңнен адаспандар, жат етегіңнен ұстап, жатқа бауыр баспандар. Сендер өскен өлкеде, небір майталман ерлер өткен, солардың ұрпағы азған жоқ, құрып біткен жоқ. Тек оларға құрметпен, сеніммен қарай біліңдер. «Жақсы әйел жаман еркекті хан етеді» деп бұрыннан бабалар қыздарға үлкен үміт артқан, қыздардың алғырлығын, ақылдылығын ұлдардан артық бағалаған, ұрпағын сеніп тапсырған. Өр ұрпақты дүниеге әкелер сендерсіңдер, қазақ деген ұлттың болашағы да сендерсіңдер, адаспандар!

Жанымгүл КАМАЛҚЫЗЫ

ТОПЫРАҚТЫ ӨЛІМ НЕГЕ ТОРҚАЛЫ ТОЙҒА АЙНАЛЫП КЕТТІ?

«Туу хақ, өлу хақ» деген екен ғұламалар. «Топырақты өлім, торқалы той» дейді қазақ. «Топырағы торқа болсын!» дейтін сөзді де қазақ айтады. «Торқа» сөзінің негізгі мағынасына үңілсек, «жібек жіптен қалыңдау етіп тоқылған ең сапалы, бағалы әрі жұмсақ мата». Ауыспалы мағынасында «торқалы той» деген «думанды, керемет той» дегенді білдірсе, «топырағы торқа болсын» деген «жатқан жері жайлы, жұмсақ болсын» дегенді меңзесе керек.

Әр нәрсенің жөнін біліп, мәнісін ажырата алған қазақ халқында өмірге келу мен өмірден өтудің, өлімнің өз жөн-жоралғысы, әдеп-салты, тәртібі мен тәлімі болған. Ал бүгін біз топырақты өлімді торқалы тойға айналдырып бара жатқан дүбәра күйге түскендейміз. Неге дейсіз бе? Бүгінгі кісісі қаза тауып қара жамылған үйдегі жасалатын әрекеттерді айтып өтейін. Содан кейінгі пікір мен түйін сіздерден болсын.

Қаралы үйде қазан көтерілмейтін қазақ едік, бүгінде қос-қостан қара қазан көтеріп, өлінің жайынан гөрі тірінің жағдайын жасау белең алып барады. Бұрын шаңырақта қаза тапқан адамы бар үйге ағайын-туыс, құда-жекжат, жолдас-жұрағат, көрші-көлем қайғысын сейіліп, жылатуға емес, жұбатуға келетін болған екен. Қаралы үйде қазан көтерілмей, керісінше, алыстан келген жамағайынға жақындағы ағайын мен көрші-көлем қызмет қылып, күтетін болған. Ал қазір кісісі өлген үйде жаманат естілген күннен бастап, жеті күндік қадесі өткенше жайылған дастархан жиылмай, табак-табак тамақ пісіріледі. Мұны бір деңіз.

Сексеннің сеңгірінен асып, тоқсанның табалдырығын аттаған, жүздің жетегіне жақындаған қария қайтыс болса, қазақ асарын асады, жасарын жасады, бұл өлім болғанмен, той деп шүкірлік етуге сеп жасап, жыртас таратқан. Жыртас – қазақ халқының дәстүрлі өлік жөнелту ғұрпында жерлеуге қатысқан еркектерге зират басында үлестірілетін, көлемі бет орамалдай мата бөлігі. Шама-шарқына қарай әртүрлі матадан үлестірген. Жыртасыпен жерлеу рәсіміне қатысушы ер азаматтар бетін сүртіп, марқұмға иман айтады. Қайтыс болған кісі ұзақ жасаған, үбірлі-шүбірлі болса, жұрт жыртасы оның жасын берсін деп ырымдап алып, қастерлеп ұстайды. Сонымен бірге қайтыс болған адамның атынан жыртас тарату арқылы ол достары мен туыстарының алдындағы қарызын өтейді деп есептейді. Бірақ қазақтар жыртасы 60 жастан асқан адам қайтыс болғанда ғана таратқан. Бұл – Уикипедия және «Baribar.kz» сайтының ақпарлары.

Бүгінде жыртасы жыр қылып жүрміз. Қыршынан қиылған жасқа да, 60-қа жетпеген адамға да, ер мен әйелге де жыртасын жаңарған түрі – қол орамал тарату салтқа айналып барады. Дәстүрдің заманға сәйкес икемделіп, өзгеріп отыруы заңдылық десек те, әр нәрседе мән болуы тиіс емес пе? Әуелгі таратылған жыртаста қарыздың өтеуі және кәрінің жасы мен жолын берсін деген ниет болса, қазіргі орамал таратудың мәні қандай? Қала берді баласы алдынан кетіп зар еңірген ата мен ана, қыршынан қиылып жастай жесір қалған ер мен әйел қай қуанышына марқайып шүлен таркатады? Бұл екіншісі еді.

«Талқаны таусылып, тағдыры қиылған марқұмның артынан берілетін садақаның әуелгі ниеті мүлде басқа болған» деуші еді менің әжем. Марқұм дүниеден өткеннен кейін артынан дұға оқылып, атынан садақа берілген екен. Яғни садақа деген атауы айтып тұрғандай, марқұмның қаделеріндегі садақа тойып жүргендерді тойғыз емес, мұқтаж жандарға қайырымдылық ету ниетіне негізделіп, қайтыс болған адамға қайыр болсын айта алмай қалған ағайын-бауыр және басқалардың келуіне қарай еске алып, бас қосып, қайғыны сейілтуге негізделген екен. Содан кейінгі ас беру, еске алу секілді қазақты танымдағы шаралар қауқары жетіп, қаражатты барлардың еншісіне тиген қадамдар болса керек.

Ал бүгінде бұл салт та өңін өзгертіп барады. Мүрдені жер қойнына тапсырып, арулап көмгенше өткізілетін күзеті, жаназасы ғана емес, үші мен жетісінде де дастарханда кесе қояр орын табылмайды. Ұйқы арсыз, күлкі арсыз, тамақ арсыз деп үш арсызды ата-бабамыз атап кеткенін білеміз. Өлгеннің артынан өлмек жоқ, тірі адам тіршілігін жасайды десек те, қаралы үйдің дастарханында солқым-солқым жүзім мен экзотикалық жемістердің, сан түрлі салаттар мен той-думанға қойылатын тамақтардың толып тұруы қисынсыз-ақ. Садақаға адам қайғынды бөлісіп, қайырын тілеп келсе, қан жұтып, жылап отырған шаңырақта сораптап тортпен шәй ішіп, салат пен тауық

кеміріп отырмайтыны анық емес пе? Мұны үш деңіз.

«Ата-бабамыз өкпеге қиса да, өлімге қимаған, адамгершіліктен аттамаған әрі өлген адамның артынан ауыр сөз айтпаған» дейді әдеби мұралар. Алғашқы орынға марқұмды арулап көмуді қойып, абыроймен жөнелтуді жөн санаған. «Құлағы саңырау, көзі соқыр, тілі мылқау» адамды сүйекке кіргізіп, өлгенді қимастықпен жоқтап, шығарып салған екен. «Өлеңмен жер қойнына кірер денен» деп Абай атамыздың өлеңге қосуы осыдан болса керек.

Бүгінде түсі суық, денесі сұлық жатқан өліден қорқып, сүйекке кіруден қашатындар көп. Қу жаныңды құтқаратын құдіретің болмағасын бәрінің басар тауы, барар жерінен безінгеннен не шара? Керісінше, сауапты іске ұмтылып, жақсылық жасауға тырыспайтыны несі екен?

Екіншіден, үйден сүйек шықпай жатып-ақ, өлгеннің өткен өміріндегі қателік-күнәлерін теріп, сыпсындап сөз айтып, қаңқуды көбейтетін тілдер көп. Адамның ұғымымен үкім кесіссе, талай пенденің тірісінде терісі сыпырылар ма еді. Ендеше, Құдайының алдына өз амал дәптерімен бара жатқан өзгенің үкімін кесуде не мән бар?

Үшінші мәселе, отбасы мүшесінен айрылып, қимастықпен жан қиналысын сезімен, сазымен жылап шығарғанды «Құдайдың қылғанына қарсы шығу» деп түсіндіріп, жылағанды күнәһар қылатындар да бар. Қазақы ұғымда артынан дұға ететін ұрпағы мен жоқтаушысы жоқтан сақтасын деп тілек еткенін ескерсек, ол шүкірсіздік пен тәубесіздік емес, шарасыз пенденің қайғысын сейілтуге келген қаймана жұртқа айтқан мұң-нала, шер-шемені ғана. Керісінше, көкірегіне қайғы жинамай, ішіндегісін тарқатып, шүкір етудің бір жолы болса керек. Бұл төртінші уәж болсын.

Абайдың жасы қырыққа жақындағанда «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек...» дегенін ескерсек, біз де орта жасқа келіп, аз-мұз өмір көріп, ой түйген екенбіз. Бір әулеттің келіні болғандықтан қуанышы мен қайғысында қызмет қылатынымыз тағы бар. Осындай сәттерде мына бір үрдісті байқап жүрмін. Қазір қамелеттік жасқа толмаған және бесіктен белі шықпаған жастар садақаға құмар. Бұрын қайтқан үйге бала бармайды, жасқа не бар деп үлкен кісілер барушы еді. Тіпті, жаңа түскен жас келіндер де мұндай рәсімдерден алыс жүретін. Беті ашылмаған қыз балалар бейтаныс үйдің есігін ашпайтын. Ал қазір мүлде басқа. Сол үйдің жақын-жуығы болып қызмет ететін ұл-қыздың жөні бөлек әрине. Ал жеті атадан қуанда жақындығы жоқ, ағайындығы жоқ, жай ғана жолдас болғаны немесе таниды екенмін деп өрімдей жастардың жұлынып жаназа намазына жиылуы, басына ақ орамал тағылып, беті ашылмаған жасөспірім қыздардың өлім шыққан шаңырақта бастарына орамал тағып, жүлқынып қызмет қылып, қаралы үйден айналышықтап кетпеуі мені шошытқан жай болды.

Жастардың іс қылып, қызмет еткені, әрине, жақсы. Бірақ, көпшілік жиналмай тұрып немесе жұрт тарағасын келіп көмектесуге де болатынын ескерсек, көңіл айтқан көпшіліктің көзін өзіне түсіретіндей уылжыған жастардың садақа жағалап жүргені сән емес-ау. Бұл бесіншісі деп біліңіз.

«Садақаға жетісі жылауға, жетпісі сынауға келеді» деген кезең осы шығар. Қазір құдайға шүкір мереке де, той да көп. Тойып тамақ ішіп, кекіріп жеймін, секіріп билеймін дегенге себеп те көп. Ендеше, өлген адамның жаназасы мен қаделерінде тойып тамақ ішіп, сыпсындап сөз айтпай, азды күн пенделіктен тыйылып, адамдықты ұстану қиын емес-ау. Топырақты өлімді торқалы тойға айналырудың қажеті қанша? Менің түйгенім, жанымның күйгені осы еді... Ал сіз не айтасыз, оқырман? Артығы болса кешіріп, кемтігі болса, қосып отырыңыз. Өмір – мектеп, бірімізден біріміз жақсыны үйреніп, жаманнан жиренсек, кемелдену деген сол шығар. Әйтпесе, бес күн жалғанға келіп-кеткенде не мән бар?

Ақмарал ДОСЫМБЕТҚЫЗЫ

ҚАЗАҚТЫ ОЯТҚАН ҮШ КІТАП

1909 жыл – қазақ мәдениеті мен ұлттық сана-сезімінің тарихындағы ең бетбұрысты, ерекше кезең. Дәл осы жылы жарық көрген үш кітап – Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы, Міржақыптың «Оян, қазағы» және Ахметтің «Қырық мысалы» ұйқыдағы қазақ қоғамын сілкінткен нағыз рухани жарылыс болды. Бұл туындылардың жарық көруі, олардың артында тұрған тұлғалар және кітаптардың сол кездегі қазақ қоғамындағы алар орны мен маңызы төмендегідей сипат алды.

1. Абай Құнанбаев – «Өлеңдер жинағы». Абай өмірден өткеннен кейін бес жылдан соң, Петерборда оның тұңғыш жинағы жарық көрді. Осы тұста Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның сіңірген еңбегі орасан зор болды.

Абайдың ұлы Тұрағұл мен інісі Кәкітай Ысқақұлы қолжазбаларды жинақтаса, Әлихан Бөкейхан оларды Петербордағы баспалармен байланыстырып, ұйымдастыру жұмыстарын атқарды. Оған қоса, Әлихан Абайдың тұңғыш өмірбаянын орыс тілінде жазып, ұлы ақынды әлемдік деңгейде танытты.

Абай халықты ескіліктен, надандықтан арылуға, ғылым мен білімді меңгеруге шақырды. Оның кітабы қазақтың жазба әдеби тілінің негізін бекітіп, ұлттық философияның іргетасы болды. Абай өлеңдері Алаш зиялыларының бағдаршамына айналды.

2. Міржақып Дулатұлы – «Оян, қазақ!». Қазан қаласында жарық көрген бұл кітап өз заманындағы ең радикалды, ең ықпалды саяси-поэтикалық шығармаға айналды. Кітап патша өкіметінің отаршылдық саясатына, шұрайлы жерлерді тартып алуына қарсы бағытталған ашық наразылық еді. «Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты!» деген жолдар әрбір сауатты қазақтың ұраны болды.

Патша өкіметі бұл кітапты «қауіпті» деп танып, тәркілеп, Міржақыптың өзін тұтқындады. Алайда, кітап жасырын түрде қолдан-қолға өтіп, халықтың саяси санасын оятуда және ұлт-азаттық қозғалыстың басталуына теңдессіз серпін берді.

3. Ахмет Байтұрсынұлы – «Қырық мысал». Крылов мысалдарының негізінде, қазақ болмысына икемделіп жазылған бұл жинақ та Петерборда жарық көрді.



1. 1909 жылы «Оян, қазақ!» – Міржақып Дулатұлы, Қазан қаласындағы «Шарк» баспасынан басылды.

2. 1909 жылы Санкт-Петербург қаласында «Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы» басылды.

3. 1909 жылы Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысалы» атты жинағы 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрді.

Тікелей айтса цензура жібермейтін заманда Ахмет аңдар мен құстардың іс-әрекеті арқылы қазақ қоғамының дертін бейнеледі. Ол халықтың бойындағы енжарлықты, бірліктің жоқтығын, шенеуніктердің паракорлығын астарлап шенеді. Бұл кітап қазақ оқырманын сыни ойлауға, өз бойындағы міндерді сырттан бақылап, түзелуге тәрбиеледі. Бұл халықты ағартушылық жолмен тәрбиелеудің төте сокпағы еді.

1909 жылы жарық көрген бұл еңбектер бір-бірін толықтырып, қазақ қоғамына үш түрлі бағытта әсер етті:

– Абай халыққа рухани азық беріп, іштей кемелденуді, білім алуды үйретті;

– Ахмет қоғамның міндерін астарлы мысалмен көрсетіп, халықты сыни ойлауға баулыды;

– Міржақып сол оянған халықты ашық саяси күреске, өз құқығын қорғауға шақырды.

Бұл үш кітап пен олардың артында тұрған Әлихан Бөкейхан бастаған зиялылар тобы қазақ халқының сауаттылық пен ұлттық намысын жаңа деңгейге көтерді. 1909 жылғы бұл мәдени-рухани серпіліс кейіннен 1917 жылы «Алаш» автономиясы мен ұлттық мемлекеттілік идеясының дүниеге келуіне берік идеологиялық негіз қалады.

Есбол АСЫЛБЕКОВ



2018 жыл. Құлап, аяғымды сындырдым. Басында бұл жай ғана жаракат сияқты көрінді. Бірақ уақыт өте келе бәрі қиындай түсті. Үш жыл бойы Германия, Жапония, Ресей, Өзбекстан дәрігерлері нақты диагноз қоя алмады.

Бірақ дәл сол кезде түсініксіз бір құбылыс басталды. Әр түні түсіме бір қарагер жылқы кіретін. Оның жанары, тұрқы, түсі... Бәрі анық есімде қалатын. Бұл бірнеше күн емес, бірнеше айға созылды.

Арада алты ай өткенде түсімде көрген тұлпармен өнімде жолығамын деп кім ойлаған?! Сол сәттегі сезімді сөзбен жеткізу мүмкін емес. Көзден аққан ыстық жасты жасырып, «мен бұл жылқыны түсімде көп көргенмін» деген сөзді қайталаудан басқа аузыма сөз түспеді. Армандардың орындалатынына сонда тағы бір рет көзім жетті. Еш ойланбастан сатып алдым. Оның аты – Турбо. Сол күннен бастап өмірімнің бағыты өзгере бастады. Денсаулығым біртіндеп калпына келді. Күн сайын атқа мініп, жылқымен өмір сүрдім. Осы орта мені шабандоздармен, атбегілермен таныстырды. Қазақтың ұлттық ат спортына бұрынғыдан да жақын болдым.

Бір күні қолыма фотоаппаратымды алып, көкпар, аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату сияқты ұлттық ойындарды түсіре

ЕГЕР АЯҒЫМ СЫНБАҒАНДА БӘРІ БАСҚАША БОЛАР МА ЕДІ?!

(Болған оқиға)

бастадым. Сол кезде мен жай кадр ғана түсіріп жүрген жоқ екенмін. Мен қазақтың рухын, даланың мінезін, тұлпардың қуатын түсіріп жүр екенмін.

Көп ұзамай теңге іліп келе жатқан шабандоздың бір ғана сәті маған «Үркер» ұлттық сыйлығын алып келді. Бірақ бұл тек бастамасы еді.

2024 жылы Ресейдің Санкт-Петербург қаласында «Дала» атты жеке фотожобамды өткіздім. Менің мақсатым – әлемге қазақтың ұлттық ат спортының шынайы болмысын көрсету еді. Кейін сол бағыттағы жұмыстарым халықаралық деңгейде бағаланып жатты.

Кейде адамдар менен: «Мұның бәрі қалай басталды?» – деп сұрайды. Менің жауабым әрдайым біреу: «Бәрі түсіме кірген бір қарагерден басталды». Ал менің өмірім дәл сол қарагердің жалынан ұстап мінген күнімнен басталған екен. Қарагерім менің өмірімді ғана емес, өнерімді де өзгертті. Оның ізі бүгінде менің әрбір кадрымда, әрбір жетістігімде, әлемнің түкпір-түкпіріне жеткен қазақ даласының бейнесінде өмір сүріп келеді. Егер аяғым сынбағанда, бәрі басқаша болар ма еді?! Рахмет саған, Турбо!

Мақсат ШАҒЫРБАЙ, фотограф

Айтары бар ақпарат

POLPHARMA ТОБЫ ҚАЗАҚСТАНҒА 60 МИЛЛИОН ЕУРО ИНВЕСТИЦИЯ САЛМАҚ

Қазақстанда өндірілетін дәрі-дәрмек көлемі алдағы жылдары айтарлықтай артуы мүмкін. Халықаралық Polpharma тобы еліміздегі өндірісті кеңейтуге 60 миллион еуро инвестиция салып, жаңа дәрілік препараттарды шығаруды және өндірісті одан әрі жергіліктендіруді жоспарлап отыр, деп хабарлайды Stan.kz. Бұл туралы Polpharma өкілдері Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің 38-пленарлық отырысынан кейін Астанада өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Іс-шарада Polpharma тобының Бақылау кеңесінің төрағасы Ежи Старактың Қазақстан Республикасының мемлекеттік награда – «Достық» орденімен марапатталғаны ресми хабарланды. Мемлекеттік награданы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев табыстап, компанияның отандық фармацевтика саласын дамытуға, денсаулық сақтау жүйесін нығайтуға және халықтың заманауи дәрі-дәрмекке қолжетімділігін арттыруға қосқан көпжылдық үлесін жоғары бағалаған.

Polpharma Santo – Шымкент қаласында орналасқан Қазақстандағы ең ірі фармацевтикалық өндіріс орындарының бірі. Кәсіпорын елдің дәрі-дәрмекке деген ішкі сұранысын қамтама-



сыз етіп, өнімдерін Орталық Азия, Кавказ және басқа да шетел нарықтарына экспорттайды. Бүгінде зауыт өнірдегі фармацевтика саласының дамуына серпін беретін стратегиялық өндірістік орталықтардың біріне айналған.

Кәсіпорынның өндірістік қуаты жыл сайын 1,5 млрд таблетка мен капсула, 200 млн ампула, 60 млн антибиотик құтысы және 7 млн стерильді емес ерітінді құтысын өндіреді. Қазақстанда қолданылатын әрбір бесінші дәрілік қаптама дәл осы Шымкенттегі зауытта шығарылады. Ежи Старактың айтуынша, алдағы 10 жылда Polpharma шығаратын өнім түрлерін едәуір кеңейтіп, жаңа дәрілік препараттарды өндіруді қолға алмақ.

Мен оқыған кітап

ӨМІР БОЯУЛАРЫ

Қазақ әдебиетінде адам жанының терең қатпарларын нәзік сезіммен, шынайы психологиялық реңмен ашып көрсете алатын қаламгерлер сирек кездеседі. Сол сирек болмысты дарынның бірі – Камал Әлпейісова. Оның әңгімелері – бүгінгі қазақ прозасының тынысын жаңғыртып, жаңа көркемдік үрдістерді қалыптастырған дүниелер. Жазушы шығармаларын оқыған сайын оның сөздің сыртқы сәніне емес, ішкі салмағына мән беретінін, өмірдің көзге көрінбейтін күйін, адамның жүрегіне жасырынған сыр-сезімін дәл бейнелеуге ұмтылатынын байқаймыз.

Камал Әлпейісова прозасы – нәзік психологияның, шынайы өмірдің, адамдық болмыстың астарын ашатын сырлы әлем. Оның әңгімелерінде оқырман өз тағдырынан бір ұшқын, өз жанынан бір көлеңке тауып алатыны сөзсіз. Жазушы өз кейіпкерлерін идеалдандырмайды. Олар – біздің арамьзда жүрген тірі адамдар: әлсіздігі мен қуатын, ерік-жігері мен өкінішін, қуанышы мен мұңын қатар арқалап жүрген қарапайым жандар. Жазушы үшін адам зерттеу нысаны ғана емес, жүрегінің ең жақын әңгімесі секілді көрінеді.



Камал Әлпейісованың «Өмір бояулары» – адам өмірінің сан қырлы түстерге толы екенін көркем тілмен суреттейтін әсерлі туынды. Ол адам көңіліндегі өзгерістерді табиғат құбылыстарымен, бояулардың алмасуымен шебер салыстырады. Шығармада әрбір адамның өмірі бір түске ғана боялмайтыны, адамның бастан өткерген жақсы-жаман сәттері оның рухани

әлемін толықтырып, шыңдап отыратыны айтылады. Кейіпкер өз жолында кездескен қиындықтардан қорықпай, оларды өмірдің бір бөлігі ретінде қабылдап, әр сәттен сабақ алуға тырысады.

Камал Әлпейісова – бүгінгі қазақ прозасының нәзік лиризмін, терең психологиясын, адамтану өнерін жаңа деңгейге көтерген қаламгердің бірі. Оның әңгімелері оқырман жүрегіне жол табады, адамның ішкі әлемін шынайы бейнелейді, рухани мәдениетімізді байытады, қазіргі әдебиетте өз орны бар күшті прозаны қалыптастыра алады. Жазушы шығармашылығы біздің рухани өміріміздің ажырамас бөлшегі бола алады. Оның әңгімелерінен адам жанының нәзіктігі де, мықтылығы да, тағдырдың талас-таразысы да, өмірдің шынайы бояуларын да байқауға болады.

Кітапқа жазушы Камал Әлпейісованың соңғы жылдары жазылып, оқырмандардың ықыласына бөленген әңгімелері енгізіліп отыр. Көбінесе өмір шындығынан бастау алатын, сондықтан да жұрт қызығушылығын арттыра түсетін туындылары арқылы қаламгер оқырманға ой салады, ізгі жолдарға жетелейді, қандай қиын кезде де адами кейіптен айрылмаудың маңыздылығын ұқтыруға ұмтылады.

Камал Әлпейісованың «Өмір бояулары» әңгімелер топтамасы – қазақ прозасындағы ерекше құбылыс. Бұл жинақ – өмірдің сан алуан түстерін сөзбен салған сурет, адам жүрегінің нәзік әуенін жеткізген көркем дүние. Жазушы әр әңгімеде оқырманға өз ойын айтпайды, бірақ оны ойлануға, сезінуге, түсінуге жетелейді. Жинақтың басты құндылығы да – осы: өмірді өз бояулары арқылы тануға мүмкіндік береді.

Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,
Созақ аудандық кітапханасының
библиографы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы, К. Цеткин көшесі, 43В мекенжайында орналасқан «КазИталКожа» ЖШС-нің ірі қара мал (ІҚМ) және ұсақ қара мал (ҰҚМ) терілерін өңдеу цехы үшін жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасына ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдау өткізу күні, уақыты және орны: **17.08.2026 ж. сағат 11:00**, Шымкент қаласы, К. Цеткин көшесі, 43В.

Жоба тапсырыс берушісі: «КазИталКожа» ЖШС-і, мекенжайы: Шымкент қаласы, Клара Цеткин көшесі, 43В, БСН 121140012422, тел.: +7701 721 8204.

Жоба әзірлеушісі: ЖК«НЭК» Шымкент қаласы, М.Пошанов көшесі, № 32/8 үй, e-mail: 7004000175@mail.ru, тел. +7 700 423 2982.

Жобалық құжаттамамен танысу www.ndbecology.gov.kz порталынан қарауға болады. Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: 7004000175@mail.ru, тел. +7700 423 29 82.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда "Шымкент қаласының қалалық жайлы органы дамыту басқармасы" ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-02-75. Шымкент қаласының жергілікті атқарушы органының (МИО) ресми сайтына сілтеме:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent>:<https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=ru>

Zoom конференциясына қосылу үшін сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/2488272026?pwd=JwKR9YzTYMcQB1d0aPW7KIUwGb6jq.1>

Конференция идентификаторы: 248 827 2026

Кіру коды: 123456.

Географиялық координаттары: 42°27'11.6"N 69°37'08.3"E.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Для проекта нормативов допустимых выбросов для цеха по переработке шкур крупного рогатого скота (КРС) и мелкого рогатого скота (МРС) ТОО «КазИталКожа», расположенного по адресу: г. Шымкент, ул. К. Цеткин, 43В, проводятся общественные слушания в форме открытых собраний. Дата, время и место проведения общественных слушаний: **17.08.2026 г., в 11:00** по адресу Шымкент, ул. К. Цеткин, 43В.

Заказчик проекта – ТОО «КазИталКожа», адрес, г. Шымкент, ул. Клары Цеткин 43 В,

БИН:121140012422, тел.: +7701 721 8204.

Разработчик ОБВ: ИП «НЭК», адрес: г. г.Шымкент, Переулок М. Пошанов, дом № 32/8,

e-mail: 7004000175@mail.ru, тел.+7 700 423 2982.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. Дополнительную информацию можно получить по номеру и эл. адресу: 7004000175@mail.ru, тел.+77004232982.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент» по адресу: г. Шымкент, проспект Тауке Хана, 6,

e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz,тел.:8(7252)53-02-75. Ссылка на официальный сайт

местного исполнительного органа (МИО): города Шымкент <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=ru>

Ссылка для входа в конференцию Zoom:

<https://us04web.zoom.us/j/2488272026?pwd=JwKR9YzTYMcQB1d0aPW7KIUwGb6jq.1>

Конференция идентификаторы: 248 827 2026

Код доступа: 123456.

Географиялық координаттары: 42°27'11.6"N 69°37'08.3"E.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, 264-орам, 492-ғимарат, 492 жер учаскесінде орналасқан «Шымкент-Кашемир» ЖШС-нің жүнді қайта өңдеу өндірісі үшін «Қоршаған ортаны қорғау» (ҚОҚ) бөлімі бойынша қоғамдық тыңдауларды жария талқылау түрінде өткізетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар **17.07.2026 ж.** бастап 5 жұмыс күн ішінде қабылданады, ecocentre2018@mail.ru, тел. +7/700/423-29-82.

Тапсырыс беруші: ЖШС «Шымкент-Кашемир», мекенжайы: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, № 264 орам, 492 ғимарат., тел.: 8-725-2-44-33-00.

Жобалаушы: «EcoCentre-Consulting» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Желтоқсан көшесі.20 Б., e-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық ортаны дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» (ООС) для производства по переработке шерсти ТОО «Шымкент-Кашемир», расположенного по адресу: г. Шымкент, Енбекшинский район, квартал 264, здание 492, земельный участок 492.

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с **17.07.2026 г.** в течение 5-ти рабочих дней, ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Заказчик ТОО «Шымкент-Кашемир», адрес: г. Шымкент, Енбекшинский район, квартал № 264, здание 492., тел.: 8-725-2-44-33-00.

Разработчик: ТОО : «EcoCentre-Consulting» адрес: г. Шымкент, район Абайский, улица Желтоқсан,20 Б е-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

МИО - ГУ: «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тауке хана, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ ауылдық округі, 046-квартал, 925 жер учаскесінде орналасқан «Ірі қара малын (ІҚМ) бордақылау алаңын салу» (1-кезең). үшін «Қоршаған ортаны қорғау» (ҚОҚ) бөлімі бойынша қоғамдық тыңдауларды жария талқылау түрінде өткізетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар **17.07.2026 ж.** бастап 5 жұмыс күн ішінде қабылданады, ecocentre2018@mail.ru, тел. +7/700/423-29-82.

Тапсырыс беруші: ЖШС «Қарқын-2030», мекенжайы: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ ауылдық округі, Қақпақ ауылы, Мектеп көшесі, 10-үй., тел.: +7 707 780 6537.

Жобалаушы: «EcoCentre-Consulting» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Желтоқсан көшесі.20 Б., e-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

ЖАО-"Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, мекенжайы: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Кентау трассасы, 2, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» (ООС) рабочего проекта «Строительство откормочной площадки крупного рогатого скота (КРС)» (1 этап), расположенного по адресу: Республика Казахстан, Туркестанская область, Казыгуртский район, Какпакский сельский округ, квартал 046, земельный участок 925.

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с **17.07.2026 г.** в течение 5-ти рабочих дней, ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Заказчик ТОО «Қарқын-2030», адрес: Туркестанская область, Казыгуртский район, Какпакский сельский округ, с/о Какпак, ул.Мектеп, д.10, тел.: +7 707 780 6537.

Разработчик: ТОО: «EcoCentre-Consulting» адрес: г. Шымкент, район Абайский, улица Желтоқсан,20 Б е-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

МИО - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», адрес: Туркестанская область, г. Туркестан, ТРАССА КЕНТАУ, 2, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «Шымкент электротехникалық зауыты» ЖШС «Трансформаторлар, трансформаторлық қосалқы станциялар, тарату құрылғылары және кабель-сым өнімдерін шығаратын зауыт құрылысы — Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Тассай тұрғын үй алабы, 423/1 учаскесінде орналасқан «Шымкент электротехникалық зауыты» ЖШС» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары бірінғай экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz>.) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 17.07.2026ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ТОО «Шымкентский электротехнический завод» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «Строительство завода по производству трансформаторов, трансформаторных станций, распределительных устройств и кабельно-проводной продукции, ТОО «Шымкентский электротехнический завод расположенный в г. Шымкент, р-н Каратау, ж.м. Тассай, уч. 423/1» Проектная документация доступно на едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz>.). Все замечания и предложения принимаются с 17.07.2026г в течение 5 рабочих дней. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «Бал Декор» ЖШС, ««Бал Декор» ЖШС-нің сәндік кілемдер өндірісі мекенжайы: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, 264-орам, 165-ғимарат, «Онтүстік» АЭА» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары бірінғай экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz>.) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 17.07.2026ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ТОО «Бал Декор» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «Производство декоративных ковров «ТОО «Бал Декор» расположенного по адресу: г.Шымкент, Енбекшинский район, квартал 264, стр. 165 СЭЗ «ОНТҮСТІК»» Проектная документация доступно на едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz>.). Все замечания и предложения принимаются с 17.07.2026г в течение 5 рабочих дней. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. Е-mail: kyzmet_kz@mail.ru



Меншік иесі:
“Қызмет Газеті” ЖШС

Директор:
Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ

Тілші:
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ
Әлия ӘУЕСБЕКОВА

Тарату бөлімі:
Дина ХАЙМЕТОВА
+7771 66 88 765,
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың
29 мамырында ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
тіркеліп, мерзімді
баспасөз
басылымдарын есепке
алу туралы №10166-Г
куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өндеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет
жұма күндері шығады

Газет «М-press» ЖШС
Баспа үйінде басылды.
Шымкент қаласы,
А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй

Таралымы 3100 дана.
Тапсырыс